

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 22/12 "2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Архангельск ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 1 қазандағы № 32/9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 қазанда № 4946 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 22/12 "2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Архангельск ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4523 болып тіркелді, 2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда баяндалсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Қызылжар ауданының Архангельск ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 13 706 мың теңге:

салықтық түсімдер – 4 015 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 9 691 мың теңге;

2) шығындар – 13 706 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге:

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 0 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар аудандық

мәслихаты сессиясының

төрағасы

Б. Наурызбаев

Солтүстік Қазақстан облысы

Қызылжар аудандық

мәслихатының хатшысы

А. Молдахметова

2018 жылғы 1 қазандағы № 32/9 Солтүстік  
Қазақстан облысы Қызылжар аудандық  
мәслихатының шешіміне қосымша  
2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 22/12  
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар  
аудандық мәслихатының шешіміне 1 қосымша

## 2018 жылға арналған Қызылжар ауданының Архангельск ауылдық округінің бюджеті

| Санаты            |                                     |   | Атауы  | Сомасы,<br>мың<br>теңге |
|-------------------|-------------------------------------|---|--|-------------------------|
| Сыныбы            |                                     |   |  |                         |
|                   | Кіші сыныбы                         |   |  |                         |
| 1                 | 2                                   | 3 | 4  | 5                       |
|                   |                                     |   | 1) Кірістер  | 13 706                  |
| 1                 |                                     |   | Салықтық түсімдер  | 4 015                   |
|                   | 01                                  |   | Табыс салығы   | 1 369                   |
|                   |                                     | 2 | Жеке табыс салығы  | 1 369                   |
|                   | 04                                  |   | Меншікке салынатын салықтар  | 2 646                   |
|                   |                                     | 1 | Мүлікке салынатын салықтар   | 184                     |
|                   |                                     | 3 | Жер салығы   | 850                     |
|                   |                                     | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық                                      | 1 612                   |
| 2                 |                                     |   | Салықтық емес түсімдер   | 0                       |
| 3                 |                                     |   | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                             | 0                       |
| 4                 |                                     |   | Трансферттердің түсімдері  | 9 691                   |
|                   | 02                                  |   | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 9 691                   |
|                   |                                     | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер      | 9691                    |
| Функционалдық топ |                                     |   |  |                         |
|                   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |   | Атауы  | Сомасы,<br>мың<br>теңге |

|        |        | Бағдарлама  |   |                          |
|--------|--------|-------------|---|--------------------------|
| 1      | 2      | 3           | 4   | 5                        |
|        |        |             | 2) Шығындар   | 13 706                   |
| 01     |        |             | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер   | 10 672                   |
|        | 124    |             | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 10 672                   |
|        |        | 001         | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер  | 10 672                   |
| 07     |        |             | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  | 900                      |
|        | 124    |             | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 900                      |
|        |        | 008         | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру  | 900                      |
| 08     |        |             | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік  | 1 780                    |
|        | 124    |             | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 1 780                    |
|        |        | 006         | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау   | 1 780                    |
| 13     |        |             | Басқалар  | 354                      |
|        | 124    |             | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты   | 354                      |
|        |        | 040         | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 354                      |
|        |        |             | 3) Таза бюджеттік кредиттеу   | 0                        |
|        |        |             | Бюджеттік кредиттер   | 0                        |
|        |        |             | Бюджеттік кредиттерді өтеу  | 0                        |
|        |        |             | 4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо   | 0                        |
|        |        |             | Қаржы активтерін сатып алу  | 0                        |
|        |        |             | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер   | 0                        |
|        |        |             | 5) Бюджет тапшылығы (профициті)   | 0                        |
|        |        |             | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)  | 0                        |
|        |        |             | Қарыздар түсімі   | 0                        |
|        |        |             | Қарыздарды өтеу   | 0                        |
| Санаты |        |             |   | Сомасы<br>, мың<br>теңге |
|        | Сыныбы |             | Атауы   |                          |
|        |        | Кіші сыныбы |   |                          |
| 8      |        |             | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары  | 0                        |
|        | 01     |             | Бюджет қаражаты қалдықтары  | 0                        |
|        |        | 1           | Бюджет қаражатының бос қалдықтары   | 0                        |